

**"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органдарынан сұратылатын өрттер туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысандарды бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 26 маусымдағы № 320 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2014 жылы 29 шілдеде № 9636 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 928 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 16.11.2015 № 928 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

«Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 34) тармақшасына және « Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органдарынан сұратылатын өрттер туралы мәліметтер» әкімшілік деректерін жинауға арналған мынадай нысандар бекітілсін:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес өрттер туралы жалпы мәліметтер;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес өрттер ретінде есепке алуға жатпайтын жану жағдайлары туралы мәліметтер;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес өрттердің шығу себептері туралы мәліметтер ;
- 4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес өрттер шыққан объектілер туралы мәліметтер ;
- 5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес тұрғын үй секторындағы өрттер мен олардың зардаптары туралы мәліметтер;
- 6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес дала өрттері мен тұтанулар туралы мәліметтер .

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитеті :

- 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның Қазақстан Республикасының заңнамасында



№	Көрсеткіштер атауы	барлығы	қалаларда	ауылдық жерде
1	2	3	4	5
1	Өрттердің саны			
2	Шығын сомасы (мың теңге)			
3	Қаза болған адамдар (барлығы), оның ішінде:			
3.1	балалар			
3.2	мас күйіндегі адамдар			
3.3	өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзушылық нәтижесінде, өрт жағдайы болмаған, улы газбен уланудан қаза болған адамдар			
4	Өртте жарақат алған адамдар (барлығы), оның ішінде:			
4.1	өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзушылық нәтижесінде, өрт жағдайы болмаған, улы газбен уланудан қаза болған адамдар			
5	Өрт кезінде құтқарылған адамдар			
6	Құтқарылған материалдық құндылықтар (мың теңге)			

Е с к е р т у :

Осы нысанды толтыру бойынша түсініктеме қосымшада көрсетіледі  
 Ұйымның атауы \_\_\_\_\_  
 Мекенжайы \_\_\_\_\_  
 Телефоны \_\_\_\_\_  
 Электрондық мекенжайы \_\_\_\_\_  
 Орындаушының Т.А.Ә. \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_  
 Бастықтың (басшының) Т.А.Ә. \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_  
 Күні «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл  
 М . О .

Өрттер туралы жалпы  
 мәліметтер есепке қосымша

## Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

### Өрттер туралы жалпы мәліметтер

#### 1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме Өрттер туралы жалпы мәліметтер нысанын (бұдан әрі – Есеп нысаны) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Есеп нысаны «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 34) тармақшасына, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан

Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2010 жылғы 14 шілдедегі № 183 бұйрығымен бекітілген әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну ережесінің 6-тармағына сәйкес ә з і р л е н г е н .

3. Есеп нысаны бастапқы есепке алу деректерінің негізінде жыл басынан бастап есепті ұсынған сәттегі іс жүзіндегі жағдай бойынша өспелі қорытындысымен толтырылады және ұсынылады.

4. Есеп нысанына Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органдарының бастығы (басшысы), ол болмаған жағдайда оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

## **2. Есеп нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

5. 1- тармақта өрттердің саны көрсетіледі.

6. 2-тармақта мың теңгемен және бір ондық белгіге дейінгі дәлдікпен есептелген шығын сомалары туралы деректер көрсетіледі.

7. 3-тармақта өрт кезінде қаза болған адамдар саны көрсетіледі.

8. 3.1-тармақта өрт кезінде қаза болған балалар саны көрсетіледі.

9. 3.2-тармақта мас күйінде өртте қаза болған адамдар саны көрсетіледі.

10. 3.3-тармақта өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзушылық нәтижесінде, өрт жағдайы болмаған, улы газбен уланудан қаза болған адамдар саны көрсетіледі.

11. 4-тармақта өрт кезінде жарақат алған және зақымданған адамдар саны көрсетіледі.

12. 4.1-тармақта өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзушылық нәтижесінде, өрт жағдайы болмаған, улы газбен уланудан қаза болған адамдар саны көрсетіледі.

13. 5-тармақта өрт кезінде құтқарылған адамдар саны көрсетіледі.

14. 6-тармақта мың теңгемен және бір ондық белгіге дейінгі дәлдікпен есептелген, құтқарылған материалдық құндылықтар туралы деректер көрсетіледі.

15. 3-бағанда 4 және 5-бағандарды қосып есептеген деректер көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы  
Төтенше жағдайлар министрінің  
2014 жылғы 26 маусымдағы  
№ 320 бұйрығына  
2-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

**Өрттер ретінде есепке алуға жатпайтын жану жағдайлары туралы**

**мәліметтер**

**Есептік кезең \_\_\_\_\_ 20 \_\_ ж.**

**(айы)**

**И н д е к с : 1 - Ж Ж М**  
**К е з е ң д і л і г і : а й с а й ы н**

**Ұсынады:** Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің  
**а у м а қ т ы қ о р г а н д а р ы**

**Нысан қайда ұсынылады:** Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар  
министрлігінің **Өртке қарсы қызмет комитетіне**

**Ұсыну мерзімі – есептік кезеңнен кейінгі айдың 27 күніне дейін**

№	Өрттер ретінде есепке алуға жатпайтын жану жағдайлары	Саны
1	2	3
1	Өндірістің технологиялық процесінің ерекшеліктеріне (техникалық регламентке немесе басқа да техникалық құжаттамаға кіргізген) немесе өнеркәсіптік қондырғылар мен агрегаттардың, сондай-ақ үй-жайларды жылытуға арналған тұрмыстық пештерге байланысты жану жағдайлары	
2	Заттарды қайта өңдеу, сапалық сипатын өзгерту мақсатында (кептіру, пісіру, үтіктеу, қақтау, қуыру, балқыту және басқалары) отпен, жылумен немесе өзге де термиялық (жылулық) әсермен өңдеудің нәтижесі ретінде жану жағдайлары	
3	Өрттің шығуына әкелмеген, статикалық электрдің жарылыстары, жарқылдары және разрядтары	
4	Аппараттың, агрегаттың және тетіктің шегінен тыс жанудың таралуын тудырмайтын, электр жабдықтарындағы тұрмыстық және өнеркәсіптік электр аспаптарындағы жанудың электр желілерінің қысқа тұйықталу жағдайлары	
5	Өрттің шығуына әкелмеген, тұрмыстық электр аспаптарының ақаулығы кезінде түтіндеу және тамақ пісіру кезінде оның жану жағдайлары	
6	Ашық аумақтар мен дала алқаптарындағы иесіз ғимараттар мен иесіз көлік құралдарының, құрғақ шөптің, жапырақтардың, терек ұлпасының, тұрмыстық қалдықтардың, аңыздардың, сондай-ақ қоқыс төгетін жерлердегі, бос жерлердегі, үй иесі мен шаруашылық етуші объектілердің аумақтарындағы, жол жиектеріндегі, оны жинауға арналған контейнерлік алаңдардағы, оны жинауға арналған контейнерлердегі (жәшіктердегі), тұрғын үйлердің лифт шахталарындағы (лифттерііндегі), тұрғын үйлердің қоқыс жинағыштарындағы (қоқыс құбырларындағы), тұрғын үйлердің баспалдақ торларындағы, тұрғын үйлердің жертөле және шатыр үй-жайларындағы қоқыстардың тұтанулары	
7	Өзін-өзі өлтіруге әрекет еткен және өзін-өзі өртеу жолымен өзін-өзі өлтіруге қастандық жағдайлары, егер олар жанудың таралуын тудырмаса	
8	Жол-көлік оқиғасы себебінен болған автокөлік құралдарының өртену жағдайлары	
9	Авиациялық, теміржол авариялары, террористік актілер, әскери іс-қимылдар, құқық қорғау органдарының арнайы операциялары, жер сілкіністері себебінен болған өрттер	
10	Пешпен (каминдермен) жылытуда өлімге әкелген улы газбен адамдардың улану жағдайлары	

Е с к е р т у :

Осы нысанды толтыру бойынша түсініктеме қосымшада көрсетіледі  
Ұйымның атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушының Т.А.Ә. \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

Бастықтың (басшының) Т.А.Ә. \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

Күні «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл  
М . О .Өрттер ретінде есепке алуға  
атпайтын жану жағдайлары  
туралы мәліметтер есепке  
қосымша**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша  
түсіндірме****Өрттер ретінде есепке алуға жатпайтын жану жағдайлары туралы  
мәліметтер****1. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме Өрттер ретінде есепке алуға жатпайтын жану жағдайлары туралы мәліметтер нысанын (бұдан әрі – Есеп нысаны) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Есеп нысаны «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 34) тармақшасына, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2010 жылғы 14 шілдедегі № 183 бұйрығымен бекітілген әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну ережесінің 6-тармағына сәйкес әзірленген.

3. Есеп нысаны бастапқы есепке алу деректерінің негізінде жыл басынан бастап есепті ұсынған сәттегі іс жүзіндегі жағдай бойынша өспелі қорытындысымен толтырылады және ұсынылады

4. Есеп нысанына Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органдарының бастығы (басшысы), ол болмаған

жағдайда оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

## 2. Есеп нысанын толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-11-тармақтардағы 3-бағанда өрттер ретінде есепке алуға жатпайтын жану жағдайлары көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы  
Төтенше жағдайлар министрінің  
2014 жылғы 26 маусымдағы  
№ 320 бұйрығына  
3-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан  
Өрттердің шығу себептері туралы мәліметтер  
Есептік кезең \_\_\_\_\_ 20 \_\_ ж.

(айы)

И н д е к с : 3 - Ө Ш С М

К е з е н д і л і г і : ай сайын

Ұсынады: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің  
а у м а қ т ы қ о р г а н д а р ы

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар  
министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитетіне

Ұсыну мерзімі – есептік кезеңнен кейінгі айдың 27 күніне дейін

Өрттің шығу себептері	Өрттердің саны	Шығын (мың теңге)
1	2	3
1. Анықталған өртеулер		
2. Технологиялық процестің бұзылуы, өндірістік жабдықтың ақаулығы		
3. Электр жабдығын монтаждау және техникалық пайдалану қағидаларын бұзушылық, оның барлығы ішінде: автокөлік құралдарындағы желілердің қысқа тұйықталуы		
4. Тұрмыстық электр аспаптарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзушылық, барлығы оның ішінде:		

1) жылу беру аспаптары		
2) тамақ дайындау аспаптары		
3) үтіктер		
4) теледидарлар		
5) жарық беру шамдары		
6) басқа да аспаптар		
5. Өнеркәсіптік жылу генераторы қондырғыларын орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзушылық, барлығы оның ішінде:		
1) газды		
2) қатты отын		
3) сұйық отын		
4) электрлік		
6. Пештерді орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзушылық		
1) пештің өртке қарсы бөлігінің сәйкес келмеуі		
2) пештің өртке қарсы жылжытқышының сәйкес келмеуі		
3) киім-кешек пен дымқыл ағашты кептіру		
4) пеш алдында темір қаңылтырдың болмауы		
5) ұшқын өшіретін құрылғылардың болмауы		
7. Дәнекерлеу және басқа да отпен байланысты жұмыстарды жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзушылық, барлығы оның ішінде:		
1) электрлік дәнекерлеу жұмыстары		
2) газбен дәнекерлеу жұмыстары		
3) газбен кесу жұмыстары		
4) отпен ұйту жұмыстары		
8. Тұрмыстық газ құрылғыларын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзушылық		
9. Отпен абайсыз болу, барлығы оның ішінде:		
1) темекі шеккенде		
2) ашық отпен жанатын жарық беру құралдарын пайдалану кезінде (майшам, фонарь, факел және тағы басқалары)		
3) алаудан		
4) отшашулардан, пиротехникалық бұйымдардан		
5) басқалар		
10. Балалардың отпен ойнауы		
11. Заттар мен материалдардың өздігінен жануы		
12. Жарылыстар		
13. Тікелей найзағайдың соғуы немесе олардың қайта әсері		
14. Анықталмаған себептер (әр өртті жазып көрсету)		
15. Басқа да себептер (көлік құралдарында ұшқын қаққыш құрылғылардың болмауы, отын өткізгіштің үзілуі)		



Е с к е р т у :

Осы нысанды толтыру бойынша түсініктеме қосымшада көрсетіледі  
Ұйымның атауы \_\_\_\_\_

— — — — —  
Мекенжайы \_\_\_\_\_

— — — — —  
Телефоны \_\_\_\_\_

— — — — —  
Электрондық мекенжайы \_\_\_\_\_

— — — — —  
Орындаушының Т.А.Ә. \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

— — — — —  
Бастықтың (басшының) Т.А.Ә. \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

— — — — —  
Күні «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл  
М . О .

Өрттердің шығу себептері  
туралы мәліметтер есепке  
қосымша

## **Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

### **Өрттердің шығу себептері туралы мәліметтер**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме Өрттердің шығу себептері туралы мәліметтер нысанын (бұдан әрі – Есеп нысаны) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Есеп нысаны «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 34) тармақшасына, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2010 жылғы 14 шілдедегі № 183 бұйрығымен бекітілген әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну ережесінің 6-тармағына сәйкес  
**ә з і р л е н г е н .**

3. Есеп нысаны бастапқы есепке алу деректерінің негізінде жыл басынан

бастап есепті ұсынған сәттегі іс жүзіндегі жағдай бойынша өспелі қорытындысымен толтырылады және ұсынылады.

4. Есеп нысанына Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органдарының бастығы (басшысы), ол болмаған жағдайда оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

## 2. Есеп нысанын толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-15-тармақтарда өрттің шығу себептері көрсетіледі.

6. 2-бағанда өрттердің саны көрсетіледі.

7. 3-бағанда мың теңгемен және бір ондық белгіге дейінгі дәлдікпен есептелген шығын сомалары туралы деректер көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы  
Төтенше жағдайлар министрінің  
2014 жылғы 26 маусымдағы  
№ 320 бұйрығына  
4-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

**Өрттер шыққан объектілер туралы мәліметтер**

**Есептік кезең \_\_\_\_\_ 20 \_\_ ж.**

**(айы)**

**И н д е к с :** 4 - Ө Ш О М

**К е з ең д і л і г і :** ай сайын

**Ұсынады:** Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органдары

**Нысан қайда ұсынылады:** Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитетіне

**Ұсыну мерзімі** – есептік кезеңнен кейінгі айдың 27 күніне дейін

Өрттер шыққан объектілер	Өрттер саны	Шығын (мың теңге)
1	2	3
1. Өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстар, барлығы оның ішінде:		

1) электр энергетикасы кәсіпорындары		
2) кара және түсті металлургия кәсіпорындары		
3) машина жасау және металл өңдеу кәсіпорындары		
4) химиялық саладағы кәсіпорындар		
5) мұнай саласындағы кәсіпорындар		
6) көмір саласындағы кәсіпорындар		
7) газ өндіру кәсіпорындары		
8) жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары		
9) тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары		
10) ағаш өңдеу және целлюлозалық қағаз өнеркәсібі кәсіпорындары		
11) құрылыс материалдары өнеркәсібі кәсіпорындары		
12) басқа да кәсіпорындар		
2. Сауда кәсіпорындары, барлығы		
оның ішінде:		
1) жабық базарлар		
2) көтерме базарлар, жәрмеңкелер, тауар көрмелері		
3) өнеркәсіптік тауарлардың дүкендері		
4) азық-түлік тауарларының дүкендері		
5) гастронамдар		
6) әмбебап дүкендер		
7) минимаркеттер		
8) супермаркеттер		
9) сауда-ойынсауық орталықтары		
10) сауда орталықтары		
11) сауда үйлері		
12) сауда павильондары, дүңгіршектер, шағын дүкендер, шатырлар және басқалары		
13) қоғамдық тамақтану объектілері		
13.1) мейрамханалар		
13.2) дәмханалар, барлар		
13.3) асханалар		
13.4) кәуапханалар мен басқа да сол сияқты нысандар		
14) басқа да сауда ғимараттары		
3. Қойма ғимараттары, барлығы		
оның ішінде:		
1) азық-түлік қоймалары, жеміс-жидек базалары,		
2) өнеркәсіптік тауарларының қоймалары		
3) тез тұтанғыш сұйықтықтардың, жанғыш сұйықтықтардың және сұйытылған газдардың қоймалары		
4) химиялық заттардың, минералды тыңайтқыштардың қоймалары және тағы басқалары		
5) ағаш кесу материалдарының қоймалары		
6) медициналық тауарлардың қоймалары		

7) басқа да қоймалар		
4. Білім беру мекемелерінің ғимараттары, барлығы		
оның ішінде:		
1) жалпы білім беру (мектептер, лицейлер, гимназиялар, интернаттар)		
2) жоғары және орта кәсіптік білім беру (Жоғары оқу орындары, кәсіби-техникалық училищелер)		
3) біліктілікті арттыру институттары, оқу комбинаттары мен курстар		
4) басқа да білім мекемелері		
5) оның ішінде биік қабатты ғимараттарда		
5. Балалар мекемелері, барлығы		
оның ішінде:		
1) мектепке дейінгі (балабақшалар, бөбекжайлар, балалар үйі)		
2) сауықтыру лагерьлері, пансионаттар және тағы басқалары		
3) оқушылар сарайлары мен үйлері		
4) басқа да балалар мекемелері		
6. Мәдени-ағарту мекемелері, барлығы		
оның ішінде:		
1) театрлар, кинотеатрлар, цирктер, концерт залдары, видеосалондар		
2) мәдени сарайлар, клубтар, мұражайлар, көрмелер, кітапханалар		
3) туристік базалар		
4) саябақтар, зоопарктер, аквапарктер, окианариум		
5) казино, боулинг, би орындары, ойын автоматтарының залдары, бильярд ойнау орындары		
6) басқа да ғимараттар		
7. Спорттық-ағарту мекемелері, барлығы		
оның ішінде:		
1) стадиондар, ипподромдар		
2) спорт сарайлары, манеждер, бассейндер, тир, корттар		
3) басқа да ғимараттар		
8. Емдеу-алдын алу мекемелері, барлығы		
оның ішінде:		
1) ауруханалар, госпитальдар, перзентханалар		
2) емханалар, диспансерлер, медбекеттер		
3) санаторийлер, профилакториялар		
4) санитарлық-эпидемиялық станциялар		
5) қарттар мен мүгедектер үйлері		
6) жедел жәрдем станциялары		
7) басқа да ғимараттар		
9. Кір жуу және монша кешендері, барлығы		
оның ішінде:		
1) моншалар		
2) хауыздар		
3) кір жуу орындары		

4) химиялық тазалау орындары		
10. Әкімшілік-қоғамдық ғимараттар, барлығы		
оның ішінде:		
1) мемлекеттік билік органдарының ғимараттары		
2) өкілдік билік органдарының ғимараттары		
3) жергілікті атқару органдарының ғимараттары		
4) сот, нотариалдық және адвокаттық кеңсе ғимараттары		
5) мәдени ғимараттар		
6) ұйымдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің әкімшілік ғимараттары		
7) әуежайлар мен әуежай вокзалдары		
8) теміржол, теңіз, өзен және автовокзалдар және тағы басқалары		
9) почта, телеграф, автоматтық телефон станциясы, байланыс бөлімшелері		
10) радио және есептеу орталықтары, телестудиялар		
11) банктер, биржалар, брокерлік кеңселер		
12) қонақ үйлер, мотельдер, кемпингтер		
13) халыққа тұрмыстық қызмет көрсету ғимараттары		
14) Ұлттық қауіпсіздік комитетінің объектілері		
15) Ішкі істер министрлігінің объектілері		
16) Қорғаныс министрлігінің объектілері		
17) Төтенше жағдайлар министрлігінің объектілері		
18) басқа да ғимараттар		
19) оның ішінде биік қабатты ғимараттарда		
11. Ауыл шаруашылығы объектілері, барлығы		
оның ішінде:		
1) мал шаруашылығы фермасы, қой қоралар, ат қоралар, қоралар		
2) құс өсіру фермасы		
3) шөп, мал азығы қоймалары және басқалар		
4) диірмендер		
5) элеваторлар, астық қоймалары		
6) астық кептіру орындары, механизацияланған тоқтар, жем дайындау цехтері		
7) жылыжайлар, көшетханалар		
8) жеміс-жидек және көкөніс сақтау орындары		
9) дала алқабы, омарта, қырықтық бекеті және басқалары		
10) дәнді-дақыл егістіктері		
11) басқа да ғимараттар		
12. Салынып жатқан объектілер мен құрылыс алаңдары		
13. Көлік құралдары, барлығы		
оның ішінде:		
1) автомобиль көлігі		
1.1) жүк автокөлігі;		
1.2) жеңіл автокөлік;		
1.3) автобустар;		

1.4) троллейбустар.		
2) ауылшаруашылық техникасы		
3) теміржол көлігі		
4) әуежол кемесі		
5) теңіз, өзен кемелері		
6) басқа да көлік құралдары		
14. Тұрғын үй секторы, барлығы		
оның ішінде:		
1) көп қабатты мемлекеттік үйлер		
2) көп қабатты жеке тұрғын үйлер		
3) 10 және одан көп қабатты үйлер		
4) жеке сектор		
5) жатақхана		
6) бау-бақша, саяжайлық үйлер, киіз үйлер		
7) басқа да үйлер		
15. Ормандар, барлығы		
оның ішінде:		
1) жергілікті атқарушы органдардың қарамағындағы		
2) Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Орман және аң шаруашылығы комитетінің қарамағындағы		
16. Дала, шалғындықтар, жайылымдар		
17. Басқа да ашық аумақтар (иен жерлер, жолдың жиектері, көшелер және басқалары )		

Е с к е р т у :

Осы нысанды толтыру бойынша түсініктеме қосымшада көрсетіледі  
 Ұйымның атауы \_\_\_\_\_

— — — — —  
 Мекенжайы \_\_\_\_\_

— — — — —  
 Телефоны \_\_\_\_\_

— — — — —  
 Электрондық мекенжайы \_\_\_\_\_

— — — — —  
 Орындаушының Т.А.Ә. \_\_\_\_\_ КОЛЫ \_\_\_\_\_

— — — — —  
 Бастықтың (басшының) Т.А.Ә. \_\_\_\_\_ КОЛЫ \_\_\_\_\_

— — — — —  
 Күні « \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл  
 М . О .

## **Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

### **Өрттер шыққан объектілер туралы мәліметтер**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме Өрттер шыққан объектілер туралы мәліметтер нысанын ( бұдан әрі – Есеп нысаны) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Есеп нысаны «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 34) тармақшасына, « Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2010 жылғы 14 шілдедегі № 183 бұйрығымен бекітілген әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну ережесінің 6-тармағына сәйкес ә з і р л е н г е н .

3. Есеп нысаны бастапқы есепке алу деректерінің негізінде жыл басынан бастап есепті ұсынған сәттегі іс жүзіндегі жағдай бойынша өспелі қорытындысымен толтырылады және ұсынылады.

4. Есеп нысанына Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органдарының бастығы (басшысы), ол болмаған жағдайда оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

#### **2. Есеп нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

5. 1-17-тармақтарда өрт шыққан объектілер көрсетіледі.

6. 2-бағанда өрттердің саны көрсетіледі.

7. 3-бағанда мың теңгемен және бір ондық белгіге дейінгі дәлдікпен есептелген шығын сомалары туралы деректер көрсетіледі.

# Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

## Тұрғын үй секторындағы өрттер мен олардың зардаптары туралы мәліметтер

Есептік кезең \_\_\_\_\_ 20 \_\_ ж.

(айы)

И н д е к с : 1 - Т С Ә М

К е з е н д і л і г і : ай сайын

Ұсынады: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органдары

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитетіне

Ұсыну мерзімі – есептік кезеңнен кейінгі айдың 27 күніне дейін

№ р/с	Көрсеткіштер атауы	Қалалар мен қала үлгісіндегі мекендерде	Ауылдық жерде
1	2	3	4
1	Тұрғын үй секторларында болған өрттердің саны		
1.1	Шығын (мың тенге)		
1.2	Қаза болған адамдар, барлығы:		
1.2.1	оның ішінде балалар		
1.2.2	Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзушылық нәтижесінде, өрт жағдайы болмаған, улы газбен уланудан қаза болған адамдар саны		
1.2.3	оның ішінде балалар		
1.3	Жарақат алған адамдар, барлығы:		
1.3.1	оның ішінде балалар		
1.3.2	Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзушылық нәтижесінде, өрт жағдайы болмаған, улы газбен уланудан жарақат алған адамдар саны		
1.3.3	оның ішінде балалар		
1.4	Құтқарылған адамдар, барлығы:		
1.4.1	оның ішінде балалар		
1.5	Құтқарылған материалдық құндылықтар (мың теңге)		
1.6	Өлген мал басы, барлығы:		
	оның ішінде:		
1.6.1	Ірі қара мал (сиыр)		
1.6.2	Ұсақ қара мал (қой, ешкі)		
1.6.3	жылқы		
1.6.4	түйе		



1.6.5	шошқа, есек және басқалары		
1.6.6	кеміргіштер (қоян, теңіз шошқасы) және басқалары		
1.6.7	құс (тауық, үйрек, қаз, түйе құс)		
1.7	Жойылған техника саны (бірлік)		
1.8	Жойылған құрылыс (бірлік)		
2	Тұрғын үй секторында өртте қаза болған адамдардың әлеуметтік жағдайы		
2.1	Жұмысшылар		
2.2	Қызметшілер		
2.3	Кәсіпкерлер		
2.4	Уақытша жұмыссыздар		
2.5	Зейнеткерлер		
2.6	Балалар (мектепке дейінгі)		
2.7	Оқушылар		
2.7.1	7-ден 10 жасқа дейінгі		
2.7.2	10-нан 16 жасқа дейінгі		
2.8	Жоғары оқу орындарының, лицейлердің студенттері (16 жастан жоғары)		
2.9	Тұрғылықты орны жоқ адамдар		
2.10	Мүгедектер		
3	Адам өліміне әкелген негізгі жағдайлар		
3.1	Мас күйде болу		
3.2	Ұйқыда болу		
3.3	Мүгедектік		
3.4	Қараусыз қалған балалар		
3.5	Үрей, өрт кезіндегі теріс іс-қимылдар		
3.6	Басқалары		
4	Тұрғын үй секторда болған өрттерде адам өлімінің негізгі себептері		
4.1	Жоғары температура		
4.2	Жану өнімдерінің әсері		
4.3	Улы газбен улану		
4.4	Құрылыс конструкцияларының қирауы		
4.5	Психикалық факторлар (үрей, қарбалас және басқалары)		
4.6	Газ жарылысы		
4.7	Басқалары		
5.	Адамдардың қаза болған жерлері		
5.1	Өрт орнында		
5.2	Ауруханаға бара жатқан жолда		
5.3	Ауруханада		
6	Тұрғын үй секторда болған өрттердің себептері		
6.1	Өртеу		

6.2	Технологиялық процестің бұзылуы, өндірістік жабдықтың ақаулығы		
6.3	Электр жабдығын монтаждау және техникалық пайдалану қағидаларын бұзушылық		
6.4	Тұрмыстық электр аспаптарын пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзушылық		
6.5	Жылу генераторы қондырғыларын орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзушылық		
6.6	Пештерді орнату мен пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзушылық, оның ішінде:		
6.6.1	пештің өртке қарсы бөлігінің сәйкес келмеуі		
6.6.2	пештің өртке қарсы жылжытқышының сәйкес келмеуі		
6.6.3	киім-кешек пен дымқыл ағашты кептіру		
6.6.4	пеш алдында темір қаңылтырдың болмауы		
6.6.5	ұшқын өшіретін құрылғылардың болмауы		
6.7	Электрлік дәнекерлеу және басқа да отпен байланысты жұмыстарды жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзушылық		
6.8	Тұрмыстық газ құрылғыларын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзушылық		
6.9	Керосинді және басқа да құрылғыларды пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзушылық		
6.10	Отпен абайсыз болу		
6.11	Мас күйінде төсекте темекі шегу		
6.12	Балалардың отпен ойнауы		
6.13	Заттар және материалдардың өздігінен жануы		
6.14	Жарылыстар		
6.15	Тікелей найзағайдың соғуы немесе олардың қайта әсері		
6.16	Анықталмаған себептер		
6.17	Өрттердің басқа да себептері		
7	Адамдардың қаза болуына әкеп соқтырған өрттердің шығу себебі		
7.1	Өртеу		
7.2	Технологиялық процестің бұзылуы, өндірістік жабдықтың ақаулығы		
7.3	Электр жабдығын монтаждау және техникалық пайдалану қағидаларын бұзушылық		
7.4	Тұрмыстық электр құралдарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзушылық		
7.5	Жылу генераторы қондырғыларын орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзушылық		
7.6	Пештерді орнату мен пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзушылық, оның ішінде:		
7.6.1	пештің өртке қарсы бөлігінің сәйкес келмеуі		
7.6.2	пештің өртке қарсы жылжытқышының сәйкес келмеуі		
7.6.3	киім-кешек пен дымқыл ағашты кептіру		

7.6.4	пеш алдында темір қаңылтырдың болмауы		
7.6.5	ұшқын өшіретін құрылғылардың болмауы		
7.7	Электрлік дәнекерлеу және басқа да отпен байланысты жұмыстарды жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзушылық		
7.8	Тұрмыстық газ құрылғыларын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзушылық		
7.9	Керосинді және басқа да құрылғыларды пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзушылық		
7.10	Отпен абайсыз болу		
7.11	Мас күйінде төсекте темекі шегу		
7.12	Балалардың отпен ойнауы		
7.13	Заттар және материалдардың өздігінен жануы		
7.14	Жарылыстар		
7.15	Тікелей найзағайдың соғуы немесе олардың қайта әсері		
7.16	Анықталмаған себептер		
7.17	Өрттердің басқа да себептері		
8	Өрттерді объектілер бойынша бөлу		
8.1	Жеке үй		
8.2	Көп пәтерлі тұрғын үй		
8.3	Гараж		
8.4	Монша		
8.5	Хауыз		
8.6	Саяжай		
8.7	Ауладағы қосымша құрылыс		
8.8	Тұрғын вагон		
8.9	Шөп қора		
8.10	Қора		
9	Өрттің шығу орны		
9.1	Тұрғын бөлмелер		
9.2	Дәліз		
9.3	Киім ілуге арналған бөлме		
9.4	Асхана		
9.5	Ванна, душ бөлмесі, әжетхана		
9.6	Балкон, лоджия		
9.7	Шатыр үй-жайы		
9.8	Жертөле үй-жайы		
9.9	Лифт шахтасы		
9.10	Кіреберіс, баспалдақ торы		
9.11	Түтін шығару шахтасы		
9.12	Қосалқы үй-жай		
9.13	Қосымша құрылыс (монша, гараж, тамбур және тағы басқалары)		

9.14	Қоқыс тастағыш		
9.15	Басқа да орындар		
10	Өрттерді аптаның күндері бойынша бөлу		
10.1	Дүйсенбі		
10.2	Сейсенбі		
10.3	Сәрсенбі		
10.4	Бейсенбі		
10.5	Жұма		
10.6	Сенбі		
10.7	Жексенбі		
11	Аптаның күндері бойынша өрттерде қаза болған адамдар		
11.1	Дүйсенбі		
11.2	Сейсенбі		
11.3	Сәрсенбі		
11.4	Бейсенбі		
11.5	Жұма		
11.6	Сенбі		
11.7	Жексенбі		
12	Тұрғын үй секторда шыққан өрттердің саны тәулік уақытымен		
12.1	00.00 – 06.00		
12.2	06.00 – 12.00		
12.3	12.00 – 18.00		
12.4	18.00 – 24.00		
13	Тұрғын үй секторда адамдардың қаза болған уақыты тәулік уақытымен		
13.1	00.00 – 06.00		
13.2	06.00 – 12.00		
13.3	12.00 – 18.00		
13.4	18.00 – 24.00		
14	Өрттерде жарақаттанған адамдар		
14.1	Жоғары температура (күйік)		
14.2	Жану өнімдерінің әсері		
14.3	Улы газбен улану		
14.4	Құрылыс конструкцияларының қирауы		
14.5	Газ жарылысы		
14.6	Басқалары		
15	Әртүрлі қабаттағы тұрғын ғимараттарда және қосымша шаруашылық құрылыстарында шыққан өрттер		
15.1	Қосымша шаруашылық құрылыстары, барлығы:		
15.1.1	монша		
15.1.2	гараж		
15.1.3	қора және басқалары		

15.2	бір қабатты үйлер		
15.3	екі қабатты		
15.4	3-тен 5 қабатқа дейін		
15.5	6-дан 9 қабатқа дейін		
15.6	9 қабаттан жоғары		
16	Әртүрлі қабаттағы тұрғын ғимараттарда және қосымша шаруашылық құрылыстарында шыққан өрттерде адамдардың қаза болуы		
16.1	Қосымша шаруашылық құрылыстары, барлығы:		
16.1.1	монша		
16.1.2	гараж		
16.1.3	қора және басқалары		
16.2	бір қабатты үйлер		
16.3	екі қабатты		
16.4	3-тен 5 қабатқа дейін		
16.5	6-дан 9 қабатқа дейін		
16.6	9 қабаттан жоғары		
17	Өрт шыққан тұрғын ғимараттың қабаты		
17.1	1-қабат		
17.2	2-қабат		
17.3	3-қабат		
17.4	4-қабат		
17.5	5-қабат		
17.6	6-қабат		
17.7	7-қабат		
17.8	8-қабат		
17.9	9-қабат		
17.10	9-қабаттан жоғары		
18	Өрттің нәтижесінде адамдар қаза болған тұрғын ғимараттың қабаты		
18.1	1-қабат		
18.2	2-қабат		
18.3	3-қабат		
18.4	4-қабат		
18.5	5-қабат		
18.6	6-қабат		
18.7	7-қабат		
18.8	8-қабат		
18.9	9-қабат		
18.10	9-қабаттан жоғары		

Е с к е р т у :

Осы нысанды толтыру бойынша түсініктеме қосымшада көрсетіледі  
Ұйымның атауы \_\_\_\_\_

— — — — —  
Мекенжайы \_\_\_\_\_

— — — — —  
Телефоны \_\_\_\_\_

— — — — —  
Электрондық мекенжайы \_\_\_\_\_

— — — — —  
Орындаушының Т.А.Ә. \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

— — — — —  
Бастықтың (басшының) Т.А.Ә. \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

— — — — —  
Күні «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл  
М . О .

Тұрғын үй секторындағы өрттер мен олардың зардаптары туралы мәліметтер есепке қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме**  
**Тұрғын үй секторындағы өрттер мен олардың зардаптары туралы мәліметтер**

**1.Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме Тұрғын үй секторындағы өрттер мен олардың зардаптары туралы мәліметтер нысанын (бұдан әрі – Есеп нысаны) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Есеп нысаны «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 34) тармақшасына, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2010 жылғы 14 шілдедегі № 183 бұйрығымен бекітілген әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну ережесінің 6-тармағына сәйкес әзірленген.

3. Есеп нысаны бастапқы есепке алу деректерінің негізінде жыл басынан бастап есепті ұсынған сәттегі іс жүзіндегі жағдай бойынша өспелі қорытындысымен толтырылады және ұсынылады.

4. Есеп нысанына Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органдарының бастығы (басшысы), ол болмаған жағдайда оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

## **2. Есеп нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

5. 3-бағанда қалалар мен қала түріндегі мекендердегі тұрғын үй секторының деректері көрсетіледі.

6. 4-бағанда ауылдық жердегі тұрғын үй секторының деректері көрсетіледі.

7. 1-тармақта тұрғын үй секторында болған өрттердің саны көрсетіледі.

8. 1.1-тармақшада мың теңгемен және бір ондық белгіге дейінгі дәлдікпен есептелген шығын сомалары туралы деректер көрсетіледі.

9. 1.2-тармақшада тұрғын үй секторында қаза болған адамдардың саны көрсетіледі.

10. 1.2.1-тармақшада өрт кезінде қаза болған балалар саны көрсетіледі.

11. 1.2.2-тармақшада өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзушылық нәтижесінде, өрт жағдайы болмаған, улы газдан уланудан қаза болған адамдардың саны көрсетіледі.

12. 1.2.3-тармақшада өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзушылық нәтижесінде, өрт жағдайы болмаған, улы газдан уланудан қаза болған балалардың саны көрсетіледі.

13. 1.3-тармақшада өрт кезінде жарақат алған және зақымданған адамдар саны көрсетіледі.

14. 1.3.1-тармақшада өрт кезінде жарақат алған және зақымданған балалар саны көрсетіледі.

15. 1.3.2-тармақшада өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзушылық нәтижесінде, өрт жағдайы болмаған, улы газдан уланудан қаза болған адамдардың саны көрсетіледі.

16. 1.3.3-тармақшада өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзушылық нәтижесінде, өрт жағдайы болмаған, улы газдан уланудан қаза болған балалардың саны көрсетіледі.

17. 1.4-тармақта өртте құтқарылған адамдар саны көрсетіледі.

18. 1.4.1 -тармақшада өртте құтқарылған балалар саны көрсетіледі.

19. 1.5-тармақта мың теңгемен және бір ондық белгіге дейінгі дәлдікпен есептелген құтқарылған материалдық құндылықтар туралы деректер көрсетіледі.

20. 1.6-тармақта өртте өлген мал басының жалпы қорытынды сандық көрсеткіші көрсетіледі. Деректердің сомасы 1.6.1-1.6.7-тармақтардың қосындысынан шығады.

21. 1.6.1-тармақшада өртте өлген ірі қара малдың саны көрсетіледі.

22. 1.6.2-тармақшада өртте өлген ұсақ малдың саны көрсетіледі.

23. 1.6.3-тармақшада өртте өлген жылқылардың саны көрсетіледі.

24. 1.6.4-тармақшада өртте өлген түйелердің саны көрсетіледі.

25. 1.6.5-тармақшада өртте өлген шошқа, есек және тағы басқаларының саны көрсетіледі.

26. 1.6.6-тармақшада өртте өлген кеміргіштер (қоян, теңіз шошқасы және басқалары) саны көрсетіледі.

27. 1.6.7-тармақшада өртте өлген құс (тауық, үйрек, қаз, түйе құс) саны көрсетіледі.

28. 1.7-тармақшада өртте жойылған техника саны (бірлік) көрсетіледі.

29. 1.8-тармақшада өртте жойылған құрылыс саны көрсетіледі.

30. 2-тармақта тұрғын секторларда өрттен қаза тапқан адамдардың әлеуметтік жағдайларының жалпы қорытынды сандық көрсеткіші көрсетіледі. Деректердің сомасы 2.1-2.10-тармақтардың қосындысынан шығады.

31. 3-тармақта тұрғын үй секторларында өрттен қаза тапқан адамдардың өліміне әкелген негізгі жағдайлардың жалпы қорытынды сандық көрсеткіші көрсетіледі. Деректердің сомасы 3.1-3.6-тармақтардың қосындысынан шығады.

32. 4-бағанда тұрғын үй секторындағы өрттерде адамдардың қаза болуының негізгі себептерінің жалпы қорытынды сандық көрсеткіші көрсетіледі. Деректердің сомасы 4.1-4.7-тармақтардың қосындысынан шығады.

33. 5-бағанда адамдардың қаза болу орындарының жалпы қорытынды сандық көрсеткіші көрсетіледі. Деректердің сомасы 5.1-5.3-тармақтардың қосындысынан шығады.

34. 6-бағанда тұрғын үй секторындағы болған өрттердің себептерінің жалпы қорытынды сандық көрсеткіші көрсетіледі. Деректердің сомасы 6.1-6.17-тармақтардың қосындысынан шығады.

35. 7-бағанда тұрғын үй секторындағы адамдардың қаза болуына әкеп соқтырған өрттердің шығу себептерінің жалпы қорытынды сандық көрсеткіші көрсетіледі. Деректердің сомасы 7.1-7.17-тармақтардың қосындысынан шығады.

36. 8-бағанда тұрғын үй секторындағы өрттерді объектілерге бөлудің жалпы қорытынды сандық көрсеткіші көрсетіледі. Деректердің сомасы 8.1-8.10-тармақтардың қосындысынан шығады.

37. 9-бағанда өрттердің басталған орнының жалпы қорытынды сандық көрсеткіші көрсетіледі. Деректердің сомасы 9.1-9.15-тармақтардың қосындысынан шығады.



38. 10-бағанда өрттерді апта күндеріне бөлгендегі жалпы қорытынды сандық көрсеткіші көрсетіледі. Деректердің сомасы 10.1-10.7-тармақтардың қосындысынан шығады.

39. 11-бағанда өртте қаза болған адамдарды апта күндеріне бөлгендегі жалпы қорытынды сандық көрсеткіші көрсетіледі. Деректердің сомасы 11.1-11.7-тармақтардың қосындысынан шығады.

40. 12-бағанда тұрғын секторда өрттің шығуын тәулік уақытына бөлгендегі жалпы сандық көрсеткіші көрсетіледі. Деректердің сомасы 12.1-12.4-тармақтардың қосындысынан шығады.

41. 13-бағанда тұрғын үй секторында өрттің шығуынан адамдардың өлімін тәулік уақытына бөлгендегі жалпы қорытынды сандық көрсеткіші көрсетіледі. Деректердің сомасы 13.1-13.4-тармақтардың қосындысынан шығады.

42. 14-бағанда өртте жарақаттанған адамдардың жалпы қорытынды сандық көрсеткіші көрсетіледі. Деректердің сомасы 14.1-14.6-тармақтардың қосындысынан шығады.

43. 15-бағанда әртүрлі қабаттағы тұрғын ғимараттарда және қосымша шаруашылық құрылыстарда орын алған өрттердің жалпы сандық көрсеткіші көрсетіледі. Деректердің сомасы 15.1-15.6-тармақтардың қосындысынан шығады.

44. 16-бағанда әртүрлі қабаттағы тұрғын ғимараттарда және қосымша шаруашылық құрылыстарда орын алған өрттерде адамдардың қаза болуының жалпы сандық көрсеткіші көрсетіледі. Деректердің сомасы 16.1-16.6-тармақтардың қосындысынан шығады.

45. 17-бағанда тұрғын ғимараттың қабатында орын алған өрттің жалпы сандық көрсеткіші көрсетіледі. Деректердің сомасы 17.1-17.10-тармақтардың қосындысынан шығады.

46. 18-бағанда тұрғын ғимараттың қабатында өрттен қаза болған адамдардың жалпы қорытынды сандық көрсеткіші көрсетіледі. Деректердің сомасы 18.1-18.10-тармақтардың қосындысынан шығады.

Қазақстан Республикасы  
Төтенше жағдайлар министрінің  
2014 жылғы 26 маусымдағы  
№ 320 бұйрығына  
6-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан  
Дала өрттері мен тұтанулар туралы мәліметтер**

Есептік кезең \_\_\_\_\_ 20 \_\_ ж.

(апта)

И н д е к с : 6 - Д Ө Т М

К е з е ң д і л і г і : а й с а й ы н

Ұсынады: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің  
а у м а қ т ы қ о р г а н д а р ы

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар  
министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитетіне

Ұсыну мерзімі – сәуір айынан бастап өрт қауіпті кезең аяқталғанға дейін  
ж ұ м а к ү н д е р і

1-кесте

Көрсеткіштер атауы											
Өрттер саны	Дала көлемі (гектар)	Жалпы шығын (мың теңге)	Зардап шеккен адамдар саны			Зардап шекке жануарлар саны (бас)			«Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары» мемлекеттік мекемесінің күштері мен құралдарының көмегімен жойылған дала аумақтарының тұтанулары		
			барлығы	қаза тапқаны	жарақаттанғаны	барлығы	өлгені	жарақаттанғаны	барлығы	Дала көлемі (гектар)	Жалпы шығын (мың теңге)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

2-кесте

Көрсеткіштер атауы			
Тұтанулар саны	Ауданы (гектар)	«Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары» мемлекеттік мекемесінің күштері мен құралдарының көмегімен жойылған дала аумақтарының тұтанулары	
		күштер мен құралдар	адам

		барлығы	Дала аумағы (гектар)	адам	техника		техника
1	2	3	4	5	6	7	8

Е с к е р т у :

Осы нысанды толтыру бойынша түсініктеме қосымшада көрсетіледі

Ұйымның атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушының Т.А.Ә. \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

Бастықтың (басшының) Т.А.Ә. \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

Күні « \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

М . О .

Дала өрттері мен тұтанулар  
туралы мәліметтер есепке  
қосымша

## Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

### Дала өрттері мен тұтанулар туралы мәліметтер

#### Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме Дала өрттері мен тұтанулар туралы мәліметтер нысанын (бұдан әрі – Есеп нысаны) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Есеп нысаны «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 34) тармақшасына, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2010 жылғы 14 шілдедегі № 183 бұйрығымен бекітілген әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну ережесінің 6-тармағына сәйкес ә з і р л е н г е н .

3. Есеп нысаны бастапқы есепке алу деректерінің негізінде жыл басынан бастап есепті ұсынған сәттегі іс жүзіндегі жағдай бойынша өспелі қорытындысымен толтырылады және ұсынылады.

4. Есеп нысанына Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органдарының бастығы (басшысы), ол болмаған

жағдайда оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

## **2. Есеп нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

5. 1-кестенің 1-бағанында дала өрттерінің саны көрсетіледі.

6. 1-кестенің 2-бағанында дала өрттерінің аумағы туралы деректер гектармен көрсетіледі.

7. 1-кестенің 3-бағанында мың теңгемен және бір ондық белгіге дейінгі дәлдікпен есептелген шығын сомалары туралы деректер көрсетіледі.

8. 1-кестенің 4-бағанында дала өрттері кезінде зардап шеккен адамдардың саны көрсетіледі, бұл 8 және 9-бағандардың қосындысынан шығады.

9. 1-кестенің 7-бағанында дала өрттерінен зардап шеккен адамдардың саны көрсетіледі, бұл 5 және 6-бағандардың қосындысынан шығады.

10. 1-кестенің 10-бағанында «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары» мемлекеттік мекемесінің күштері мен құралдарын жұмылдырусыз әкімдіктер мен өртке қарсы ерікті құралымдардың көмегімен жойылған дала өрттерінің саны көрсетіледі.

11. 1-кестенің 11-бағанында «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары» мемлекеттік мекемесінің күштері мен құралдарын жұмылдырусыз әкімдіктер мен өртке қарсы ерікті құралымдардың көмегімен жойылған дала өрттерінің аумағы гектармен көрсетіледі.

12. 1-кестенің 12-бағанында «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары» мемлекеттік мекемесінің күштері мен құралдарын жұмылдырусыз әкімдіктер мен өртке қарсы ерікті құралымдардың көмегімен жойылған дала өрттерінің мың теңгемен және бір ондық белгіге дейінгі дәлдікпен есептелген шығын сомалары туралы деректер көрсетіледі.

13. 1-кестенің 13 және 14-бағандарында «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары» мемлекеттік мекемесінің күштері мен құралдарын жұмылдырусыз жойылған дала өрттеріне қатысқан адамдар мен техникалардың саны көрсетіледі.

14. 1-кестенің 15 және 16-бағандарында Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің дала өрттерін жоюға жұмылдырылған техникалары мен жеке құрамының саны көрсетіледі.

15. 2-кестенің 1-бағанында дала тұтануларының саны көрсетіледі.

16. 2-кестенің 2-бағанында дала тұтануларының аумағы туралы мәлімет гектармен көрсетіледі.

17. 2-кестенің 3-бағанында «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары» мемлекеттік мекемесінің күштері мен құралдарын жұмылдырусыз әкімдіктер

мен өртке қарсы ерікті құралымдардың көмегімен жойылған дала тұтануларының саны көрсетіледі.

18. 2-кестенің 4-бағанында «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары» мемлекеттік мекемесінің күштері мен құралдарын жұмылдырусыз әкімдіктер мен өртке қарсы ерікті құралымдардың көмегімен жойылған дала тұтануларының аумағы гектармен көрсетіледі.

19. 2-кестенің 5 және 6-бағандарында «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары» мемлекеттік мекемесінің күштері мен құралдарын жұмылдырусыз жойылған дала тұтануларына қатысқан адамдар мен техникалардың саны көрсетіледі.

20. 2-кестенің 7 және 8-бағандарында Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің дала тұтануларын жоюға жұмылдырылған техникалары мен жеке құрамының саны көрсетіледі.